# Сауран ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Түркістан облысы Сауран аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 мамырдағы № 9 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 16 мамырда № 6272-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365 бабының 3-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Сауран аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сауран ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*С. Байсбаев*

2023 жылғы 15 мамырдағы
№ 9 шешіміне қосымша

## Сауран ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер | Есептік бірлік | Жылдық жинақталу нормасы, м3 |
|---|---|---|---|
| 1 | Жайлы және<br>жайлы емес үйлер | 1 тұрғын | 0,74<br>2,12 |
| 2 | Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар | 1 орын | 0,41 |
| 3 | Қонак үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері | 1 орын | 0,37 |
| 4 | Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер | 1 орын | 0,30 |
| 5 | Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері | 1 қызметкер | 0,39 |
| 6 | Емханалар, медициналық орталықтар | 1 келіп кету | 0,17 |
| 7 | Мектептер және өзге де оқу орындары | 1 оқушы | 0,07 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көніл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері | 1 отыратын орын | 1,23 | |
| 9 | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар | 1 отыратын орын | 0,17 | |
| 10 | Стадиондар, спорт алаңдары | Жоба бойынша 1 орын | 0,09 | |
| 11 | Спорт, би және ойын залдары | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,07 | |
| 12 | Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер | сауда алаңы 1 м2 | 0,77 | |
| 13 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер | Сауда алаңы 1 м2 | 0,02 | |
| 14 | Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,04 | |
| 15 | Тұрмыстық қызмет корсету үйі: халыққа қызмет көрсету | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,52 | |
| 16 | Вокзалдар, автовокзалдар , әуежайлар | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,49 | |
| 17 | Жағажайлар, жолдардан көше сметалары | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,02 | |
| 18 | Дәріханалар | Сауда алаңы 1 м2 | 0,16 | |
| 19 | Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС | 1 машина-орын | 0,66 | |
| 20 | Автомобиль шеберханалары | 1 жұмысшы | 1,30 | |
| 21 | Шаштараздар, косметикалық салондар | 1 жұмыс орны | 0,55 | |
| 22 | Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,24 | |
| 23 | Моншалар, сауналар | Жалпы алаңы 1 м2 | 0,26 | |
| 24 | Қала аумағында жаппай іс-шаралар | 1000 қатысушы | 0,04 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары | | |
| 25 | Бау-бақша кооперативтері | 1 учаске | 0,67 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК